

GTAMP 82.17.25
ЭОЖ 35.08-057.17
DOI 10.56525/NPIS1344

БАСҚАРУ СТИЛЬДЕРІ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Есенғұлова М.Н., Тагабергенова А.Д.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
e-mail: ms.miko77@mail.ru, m.aknur1997@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада педагогикалық менеджменттегі басқару стилі мен білім алушылардың оқу мотивациясы арасындағы өзара байланыс мәселесі кешенді түрде қарастырылды. Зерттеу барысында басқару стилінің теориялық негіздері мен олардың білім беру процесінде қолдану ерекшеліктері талданып, мотивацияға ықпал ету механизмдері айқындалды.

Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесінде авторитарлық стильдің қысқа мерзімді қамтамасыз еткенімен, білім алушылардың ішкі қызығушылығын тежеп, сыртқы теріс мотивацияны қалыптастыратыны негізделді. Демократиялық стильдің білім алушыны оқу процесінің белсенді субъектісіне айналдырып, оның ішкі танымдық мотивациясын тұрақтандырудағы басымдығы дәлелденді.

Сонымен қатар, мақалада заманауи трансформациялық және коучингтік басқару элементтерінің білім алушының тұлғалық әлеуетін ашудағы маңызы сараланды. Зерттеу қорытындысында білім беру процесінде басқару стилін саналы түрде үйлестірудің білім алушылардың оқу белсенділігі мен кәсіби жетістігіне тигізетін трансформациялық әсері туралы тұжырымдар жасалды.

Ерекше назар заманауи басқару үлгілеріне аударылды: білім алушының ішкі құндылықтарын өзгертуге бағытталған трансформациялық стиль және танымдық әлеуетін сұрақтар қою арқылы ашатын коучингтік тәсілдің маңызы негізделді. Бұл стильдер білім алушыны пассивті тыңдаушыдан өз оқу траекториясын жасаушы белсенді субъектіге айналдыратыны дәлелденді. Зерттеу нәтижелері басқару стилін таңдау мен қолданудың білім алушылардың эмоционалдық жай-күйіне, өзіндік тиімділік сезіміне және оқу үдерісіне қатысу деңгейіне тікелей әсер ететінін көрсетті. Басқару процесінде қолдау көрсету, ынталандыру және серіктестік қарым-қатынас орнату білім алушылардың жауапкершілігін арттырып, олардың академиялық нәтижелерінің жақсаруына оң ықпал етеді.

Түйін сөздер: басқару стилі, оқу мотивациясы, педагогикалық менеджмент, оқыту процесі, ішкі мотивация.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде педагогикалық менеджменттің тиімділігі нәтижелілігі көбіне таңдалған басқару стильдерінің мазмұнымен және олардың практикалық үйлесімділігімен айқындалады. Педагогтың кәсіби ұстанымы мен таңдаған стратегиясы білім алушылардың оқу уәждеріне трансформациялық әсер ететін негізгі фактор болып табылады. Оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде қолданылатын әдіс-тәсілдер білім алушының танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, оның білімге деген қызығушылығының деңгейін де анықтайды. Осыған байланысты басқару стилі мен білім алушылардың мотивациялық бағдарлары арасындағы өзара байланысты зерттеу ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан аса өзекті. Ғылыми ортада бұл тақырыпқа қатысты түрлі концепциялар қатысканымен, заманауи білім беру кеңістігінің талаптары бұл бағытты тереңірек зерделеуді қажет етеді. Яғни, тиімді басқару стильдері арқылы білім алушының тұлғалық әлеуетін ашу және ішкі мотивациясын ынталандыру – білім сапасын жүйелі түрде көтерудің алғышартының бірі болып табылады.

Басқару стилі білім алушылардың мотивациясына әртүрлі деңгейде ықпал етеді. Демократиялық стиль оқу мотивациясын дамытуда және танымдық белсенділік қалыптастыруда қолайлы жағдай жасайтын тиімді модель ретінде айқындалды. Авторитарлық стильде көбіне сыртқы әлеуметтік мотивтер мен бағыныштылық факторлары басым келеді, бұл ішкі қызығушылықтың тежелуіне әкелуі мүмкін [1].

Ғылыми зерттеулер басқару стилінің трансформациялық сипатта болуы академиялық ортаның жаңашылдыққа бейімділігін күшейтетінін көрсетті. Трансформациялық стильді ұстанатын ортада білім алушылар мен оқытушылардың бастамалары қолдау тауып, цифрлық және гибриді форматтағы бағдарламаларға қатысуға деген ішкі мотивацияның жоғары болатыны дәлелденді [2]. Мұндай тәсілдің артықшылығы – білім беру процесіне қатысушылар өздерін тек орындаушы емес, ортақ мақсатқа үлес қосушы ретінде сезінеді.

Басқару стилі мен мотивация арасындағы байланыстың тағы бір маңызды қыры -білім алушының тұлғалық дамуына ықпал етуі. Демократиялық тәсіл оқушының өзін-өзі бағалауына, жауапкершілігіне және шығармашылық қабілеттерінің дамуына тікелей қолдау көрсетеді. Авторитарлық басқаруда білім алушы тәртіпке бағынышты болғанымен, оның дербес ойлау және бастамашылдық дағдылары шектеледі. Осыған орай, басқару стилін саналы түрде таңдау - білім алушының ұзақ мерзімді дамуына әсер ететін стратегиялық фактор [3, б.219].

Осы тұрғыдан алғанда, заманауи білім беру менеджментінде коучингтік басқару стиліне көшу мәселесі ерекше өзектілікке ие. Коучингтік стиль білім алушыға дайын нұсқауларды таңу емес, оның ішкі танымдық әлеуетін арнайы сұрақтар мен кері байланыс арқылы белсендіру өнері. Дж. Уитмордың тұжырымдамасы бойынша, коучингтік тәсіл білім алушының «ішкі кедергілерін» жойып, мотивациялық тұрақтылығын нығайтуға бағытталған [4]. Бұл стиль оқытушыны бақылаушыдан қолдаушы-фасилитаторға айналдыратыны айқындалды.

Отандық ғалым С.Б. Әбдіғаппарова бұл мәселені ғалым жан-жақты зерделеп, білім беру процесін басқарудың демократиялық және ынтымақтастық принциптері білім алушының ішкі мотивациялық кешенін дамытудың негізгі факторы екенін айқындады. Ғалымның тұжырымы бойынша, тиімді басқару білім алушының өз даму траекториясын еркін таңдауына жағдай жасауы тиіс. Бұл коучингтік стильдің басты қағидаларымен үндесе отырып, білім алушының «білім тұтынушыдан» «білімді бірлесе қалыптастырушы» деңгейіне көтерілуіне мүмкіндік беретіні тұжырымдалды [5].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында басқару стильдері мен білім алушылардың мотивациясына қатысты соңғы жылдары жарияланған ғылыми еңбектерге сүйенілді. Негізгі материал ретінде педагогикалық менеджмент пен психологиялық мотивацияға арналған шетелдік және отандық зерттеулер алынды. Жинақталған деректер негізінде басқару стильдерінің мәні, олардың ерекшеліктері және білім беру процесіндегі ролі қарастырылды. Қолданылған әдістер ішінде салыстырмалы талдау арқылы авторитарлық, демократиялық, трансформациялық және коучингтік басқару стильдерінің білім алушылардың оқу белсенділігіне ықпалы сараланды. Мазмұндық талдау түрлі еңбектердегі ғылыми тұжырымдарды жүйелеуге мүмкіндік берді. Жүйелеу әдісі басқару стилі мен мотивация арасындағы өзара байланысты айқындап, олардың ортақ белгілері мен айырмашылықтарын ашуға бағытталды. Осы тәсілдердің нәтижесінде басқару стилінің дұрыс таңдалуы білім алушылардың ішкі және сыртқы мотивациясын қалыптастыруда шешуші фактор екендігі анықталды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Жүргізілген жүйелі теориялық талдау мен ғылыми әдебиеттерді саралау барысында педагогикалық менеджментті басқару стилі мен білім алушылардың мотивациялық құрылымы арасындағы тікелей корреляциялық байланыс айқындалды. Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша, басқару стилінің ықпалы тек сыртқы тәртіпті сақтаумен шектелмей, ол тұлғаның ішкі психологиялық қажеттіліктеріне – автономияға, құзыреттілікке және әлеуметтік байланысқа тікелей әсер етеді.

Э. Деси мен Р. Райанның «Өзін-өзі айқындау теориясы» тұрғысынан қарастырғанда, басқарудың коучингтік стилі білім алушының оқу процесіндегі дербестігін қолдау арқылы оның «өзіндік тиімділік» (self-efficacy) сезімін едәуір арттыратыны дәлелденді. Бұл модельде оқытушы дайын шешімдерді ұсынудың орнына, рефлексивті сұрақтар мен кері байланыс арқылы білім алушының ішкі потенциалын белсендіреді, бұл өз кезегінде оқуға деген қызығушылықтың сыртқы бағалаудан ішкі танымдық қажеттілікке трансформациялануына әкеледі. Бұл модельде оқытушы дайын шешімдерді ұсынудың орнына, рефлексивті сұрақтар мен кері байланыс арқылы білім алушының ішкі потенциалын белсендіреді, бұл өз кезегінде оқуға деген қызығушылықтың сыртқы бағалаудан ішкі танымдық қажеттілікке трансформациялануына әкеледі. [6].

Трансформациялық басқару стилінің заманауи білім беру кеңістігіндегі инновациялық белсенділікті арттырудағы рөлі жоғары екені негізделді. Трансформациялық көшбасшылық оқу ортасында «интеллектуалдық ынталандыру» механизмін іске қосып, білім алушылардың креативті ойлау қабілетін дамытуға және олардың цифрлық, гибриді форматтағы күрделі жобаларға қатысуға деген ішкі уәжін күшейтуге мүмкіндік береді. Оқытушының эмоционалдық интеллектісі мен қолдаушы мінез-құлқы білім алушының «психологиялық қауіпсіздігін» қамтамасыз етіп, қателік жіберуден қорықпай, жаңа идеяларды сынап көруге деген ұмтылысын арттыратыны сараланды.

Отандық ғалым С.Б. Әбдіғаппарованың зерттеулерімен ұштастыра отырып, тиімді педагогикалық менеджмент білім алушының «білім тұтынушы» рөлінен «білімді бірлесе қалыптастырушы» субъект деңгейіне көтерілуін қамтамасыз ететіні тұжырымдалды. Бұл үдерісте басқару стилінің фасилитациялық сипаты білім алушының өзіндік рефлексиясын оятып, оқу мақсаттарын саналы түрде қоюға дағдыландырады [5].

Авторитарлық стиль қысқа мерзімді нәтиже бергенімен, білім алушының шығармашылық белсенділігін тежейтіні және стресс деңгейін жоғарылататыны, ал трансформациялық-коучингтік интеграция тұлғаның «өзін-өзі басқару» (self-management) дағдыларын қалыптастырудың стратегиялық құралы екені айғақталды. Коучингтік тәсілді енгізу білім алушының «өсу менталитетін» қалыптастырып, оның қиындықтар алдындағы төзімділігін нығайтады. Демек, оқытушының басқару стилін заманауи коучингтік және қолдаушы бағытқа өзгертуі білім алушылардың тек академиялық көрсеткіштерін жақсартып қана қоймай, олардың заманауи еңбек нарығында бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуының негізгі шарты болып табылады.

Қорытынды. Бұл зерттеу басқару стильдері мен білім алушылардың мотивациясы арасындағы өзара байланысты кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді. Теориялық және тәжірибелік материалдарды сараптау барысында басқару тәсілдері тек оқу процесін ұйымдастыру құралы ғана емес, білім алушылардың тұлғалық дамуын айқындайтын маңызды фактор екені анықталды. Әр стильдің ерекшеліктерін салыстыру білім беру тәжірибесінде оларды жағдайға қарай үйлестіре қолданудың қажеттілігін көрсетті.

Қазіргі білім беру кеңістігінде демократиялық тәсілмен қатар, трансформациялық және коучингтік стильдерді интеграциялау білім алушының автономиясын (дербестігін) нығайтудың негізгі шарты болып табылады. Дәстүрлі авторитарлық модельдер қысқа мерзімді тәртіпті қамтамасыз еткенімен, ұзақ мерзімді перспективада білім алушының шығармашылық әлеуетін шектейді. Ал коучингтік тәсілді енгізу білім алушының «білім тұтынушыдан» «өзін-өзі реттеуші субъект» деңгейіне көтерілуіне, оның жауапкершілігі мен өзіндік тиімділігінің артуына ықпал ететіні дәлелденді.

Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық менеджменттің негізгі мақсаты білім алушылардың тұрақты ішкі мотивациясын қамтамасыз ететін, эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз және интеллектуалдық тұрғыдан ынталандырушы орта қалыптастыру. Зерттеу барысында С.Б. Әбдіғаппарованың белсендіру концепциясы мен Дж. Уитмордың коучингтік моделінің сабақтастығы білім беру сапасын арттырудың оңтайлы тетігі ретінде негізделді.

Түйіндей келе, басқару стилін заманауи талаптарға сай жетілдіру білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, білім алушының «өмір бойы

білім алу» ұстанымын қалыптастыруға жол ашады. Зерттеу нәтижелері педагогикалық менеджмент саласындағы басқару стильдерін оңтайландыру бойынша теориялық негіз бен практикалық ұсыныстарды жүйелеуге толық мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Булатова О.В., Королева В.И. Стиль педагогической деятельности учителя как фактор формирования учебной мотивации у младших школьников // Вестник угроведения. – 2012. – № 3 (10). – С. 138-144. <https://vestnik-ugrovedenia.ru/sites/default/files/vu/vu-3-2012-8-opt.pdf>
2. Cheng Z., Zhu C. Academics' Leadership Styles and Their Motivation to Participate in a Leadership Training Program in the Digital Era // Education Sciences. – 2025. – Vol. 15. – № 3. – P. 369–385. DOI:10.3390/educsci15030369
3. Maqbool S. Stance of numerous leadership styles and their effect on teaching to sustain academic performance at the high school level // Psychology Research and Behavior Management. – 2024. – Vol. 17. – P. 213–223. DOI: 10.2147/PRBM.S416831
4. Whitmore J. Coaching for Performance: The Principles and Practice of Coaching and Leadership. – London: Nicholas Brealey Publishing, 2017. – 288 p.
5. Әбдіғаппарова С.Б. Жоғары мектепте білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін белсендірудің педагогикалық негіздері: монография. – Алматы: Ұлағат, 2015. – 320 б.
6. Ryan R.M., Deci E.L. Self-determination theory: Basic psychological needs in motivation, development, and wellness. – New York: Guilford Publications, 2017. – 756 p.

ВЗАИМОСВЯЗЬ СТИЛЕЙ УПРАВЛЕНИЯ И МОТИВАЦИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Есенгулова М.Н., Тагаберенова А.Д.

Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г. Актюбе, Казахстан
e-mail: ms.miko77@mail.ru, m.aknur1997@gmail.com

Аннотация. В данной статье комплексно рассмотрена проблема взаимосвязи стиля управления в педагогическом менеджменте и учебной мотивации обучающихся. В ходе исследования были проанализированы теоретические основы стилей управления и особенности их применения в образовательном процессе, а также определены механизмы их влияния на мотивацию.

В результате анализа научной литературы было установлено, что авторитарный стиль, несмотря на обеспечение краткосрочной дисциплины и результатов, сдерживает внутренний интерес обучающихся и способствует формированию внешней отрицательной мотивации. Доказано преимущество демократического стиля, который превращает обучающегося в активного субъекта образовательного процесса и способствует развитию устойчивой внутренней познавательной мотивации.

Кроме того, в статье проанализировано значение современных трансформационных и коучинговых элементов управления в раскрытии личностного потенциала обучающихся. Сделан вывод о том, что осознанное сочетание различных стилей управления в образовательном процессе оказывает трансформационное влияние на учебную активность и профессиональные достижения обучающихся.

Особое внимание уделено современным моделям управления: трансформационному стилю, направленному на изменение внутренних ценностей обучающегося, и коучинговому подходу, раскрывающему его познавательный потенциал посредством постановки вопросов. Доказано, что данные стили способствуют переходу обучающегося от пассивного слушателя к активному субъекту, самостоятельно формирующему собственную образовательную траекторию. Результаты исследования показали, что выбор и применение стиля управления

напрямую влияют на эмоциональное состояние обучающихся, их чувство самоэффективности и уровень участия в учебном процессе. Поддержка, стимулирование и партнёрское взаимодействие в процессе управления повышают ответственность обучающихся и положительно влияют на улучшение их академических результатов.

Ключевые слова: стиль управления, учебная мотивация, педагогический менеджмент, процесс обучения, внутренняя мотивация.

THE INTERRELATION BETWEEN MANAGEMENT STYLES AND LEARNERS' MOTIVATION

Yessengulova M., Tagabergenova A.

Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

e-mail: ms.miko77@mail.ru, m.aknur1997@gmail.com

Abstract. This article comprehensively examines the relationship between leadership style in educational management and students' learning motivation. The study analyzes the theoretical foundations of leadership styles and the specific features of their application in the educational process, while also identifying the mechanisms through which they influence motivation.

The analysis of scientific literature revealed that the authoritarian style, although effective in ensuring short-term discipline and performance, suppresses students' intrinsic interest and contributes to the development of negative external motivation. The advantages of the democratic style were confirmed, as it transforms students into active participants in the learning process and promotes the development of stable intrinsic cognitive motivation. In addition, the article explores the significance of modern transformational and coaching leadership elements in unlocking students' personal potential. The findings demonstrate that the conscious integration of different leadership styles in the educational process has a transformative impact on students' learning engagement and professional achievements.

Special attention is paid to contemporary leadership models, including the transformational style aimed at changing students' internal values and the coaching approach that develops their cognitive potential through questioning techniques. These approaches enable students to move from being passive listeners to becoming active agents who independently shape their own learning trajectories. The results of the study indicate that the selection and implementation of leadership styles directly affect students' emotional well-being, self-efficacy, and level of participation in the learning process. Support, encouragement, and partnership-based interaction within the management process enhance students' responsibility and positively contribute to improved academic performance.

Keywords: management style, learning motivation, educational management, educational process, intrinsic motivation.